

Қазақ халқының ұлттық және рухани құндылықтар турасындағы танымы мен сенімі ерекше. Ұлттық құндылықтарды қадірлеп, қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, адамға үлгі-өнеге беретін, пейілге мейірім ұялататын рухани күш ретінде бағалаған.

Жалпыадамзаттық құндылықтар ұлттық құндылықтарға да тән орнықтылық және тұрақтылықпен сипатталады. Ұлтқа және жеке тұлғаға қатысты менталитет бастапқыда әдеттегі-эмоционалды түрге ие болды деп айтуға болады, тек экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға негізделген құндылықтардың пайда болуымен ғана ол көп қырлы дүниетаным-

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ

дық сипатқа ие болады. Ұлттық менталитет адамның рухани және материалдық құндылықтарын тарихи іріктеу нәтижесінде қоршаған әлемге қарым-қатынас жүйесінде көрініс табады.

Рухани адамгершік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағыттал-

ған. Бабаларымыздың қастер тұтып, атадан балаға аманаттап, жүрекке дарытып келген асыл қасиеттері көп. Халқымыз сырт көзбен емес, жүреппен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым.

Халқымызда «Жиганыңа сенбе – иманыңа сен», «Иманды адам – арлы адам, Имансыз адам – сорлы адам», «Имандылық – қастерлі қасиет», «Имандылық – ізгілік негізі» сынды нақыл сөздер жетерлік. Жан тазалығына, ар тазалығына негізделген, сыртқы көрініс-

тегі емес, жүректегі иманды қасиет тұтқан ұлттық рухани құндылықтарымызға қайта оралу және оларды кеңінен насихаттау арқылы біз рухани дүниемізді байытпа аламыз. Еліміз бен жеріміздің тыныштығы мен болашағы, тәуелсіздігіміздің баяндылығы мен халқымыздың ынтымағы рухани және ұлттық құндылықтарымыздың дәріптелуіне тікелей байланысты.

**Айнұр ЖЕТІБАЕВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ Менеджмент және
маркетинг
кафедрасының
магистр-оқытушысы**